

## Айыртау ауданында кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлеріне біржолғы талондардың құнын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 2009 жылғы 05 тамыздағы N 4-18-2 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 27 тамызда N 13-3-105 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 2013 жылғы 29 наурыздағы N 5-12-21 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 29.03.2013 N 5-12-21 шешімімен**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» №100-IV Заңының 36-бабының 6-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес Айыртау аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Дүркін-дүркін сипаттағы кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлеріне біржолғы талондардың құны 1-қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Айыртау ауданының базарларында тауар сататындарға біржолғы талондардың құны 2-қосымшаға сәйкес белгіленсін.

3. Айыртау ауданы аумағында қызметін жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін айына салық салу бірлігіне бірінғай тіркелген салық ставкалары  
3-қосымшаға сәйкес белгіленсін.

4. Айыртау аудандық мәслихатының 2006 жылғы 30 қаңтардағы «Төлемдердің жеке түрлері бойынша ставкаларды бекіту туралы» № 3-24-2 шешіміне (мемлекеттік тіркеу номері № 13-3-28, 2006 жылғы 3 наурызда «Айыртау таңы және «Айыртауские зори» газеттерінде жарияланған), Айыртау ауданық мәслихатының 2007 жылғы 25 желтоқсандағы «Аудандық мәслихаттың 2006 жылғы 30 қаңтардағы «Төлемдердің жеке түрлері бойынша ставкаларды бекіту туралы» № 3-24-2 шешіміне өзгертулер мен толықтырулар енгізу» № 4-4-6 шешімі (мемлекеттік тіркеу номері № 13-3-58, 2008 жылғы 28 қаңтарда № 4 «Айыртау таңы және «Айыртауские зори» газеттерінде жарияланған).

5. Осы шешім бірінші ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың XVIII  
кезектен тыс сессиясының төрағасы  
Қ. Хамзин

Аудандық мәслихаттың  
хатшысы

Қ. Хамзин

К Е Л І С І Л Д І

А й ы р т а у а у д а н ы б о й ы н ш а

с а л ы қ б а с қ а р м а с ы н ы ң б а с т ы ғ ы

А. Жүнісовпен

5 тамыз 2009 жыл

Аудандық мәслихат сессиясының  
2009 жылғы 5 тамыздағы  
№ 4 - 1 8 - 2 шешіміне  
1-қосымша

**Дүркін-дүркін сипаттағы кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлеріне біржолғы талондардың құны**

№ п/п	Кәсіпкерлік қызметтердің түрлері	Саумалкөл с. Біржолғы талондардың бір күндік құны (теңгемен)	Аудан селолары Біржолғы талондардың бір күндік құны (теңгемен)
Іске асыру (стационарлық үй-жайда жүзеге асырылатын қызметтерді қоспағанда)			
1	Қолдағы газет пен журналдар	40	20
2	Тұқым, сондай-ақ отырғызылатын материал (екпелер, көшет)	130	70
3	Бақша дақылдары	200	200
4	Саяжайларда және үй маңында өсірілген табиғи гүлдер	150	100
5	Қосалқы ауыл шаруашылық, бағбандық, бақшашылық, және саяжай участкелерінің өнімдерін	100	100
6	Жануарлар мен құстардың жемдері	200	160
7	Сыпыртқылар, сыпырғылар, орман жидегін, бал, саңырауқұлақ.	100	100
8	жер участкелерін өңдеу жөніндегі жеке трактор иелерінің көрсететін қызметі.	250	200
9	Үй жануарлары мен құстарды бағу	100	100

Аудандық мәслихат сессиясының  
2009 жылғы 5 тамыздағы  
№ 4 - 1 8 - 2 шешіміне  
2-қосымша

**Айыртау ауданының базарларында тауар сататындарға біржолғы талондардың құны**

Аты	Саумалкөл с.	Аудан селолары

	Біржолғы талондардың бір күндік құны (теңгемен)	Біржолғы талондардың бір күндік құны (теңгемен)
1. Азық-түліктік		
Сөреде сату	195	124
Дүкеннен сату	195	124
5 тоннаға дейін контейнерлерден сату	260	194
5 тоннадан жоғары контейнерлерден сату	453	233
Машинадан сату		
Жеңіл машина	194	124
Жүк машина	453	258
1.1. Азық-түлік (көкөністер, жемістер, сүтті тағамдар)		
Қолдан сату	155	65
Сөреден сату	300	175
5 тоннаға дейін контейнерлерден сату	300	453
Машинадан сату		
Жеңіл машина	600	453
Жүк машина	1350	1296
1.2. Етті тағамдар		
Етті тағамдарды сату	260	194
2.Гүлдер		
Гүлдерді сату	194	194
3. Өнеркәсіптік		
Қолдан сату	130	38
Сөреде сату	175	130
Дүкеннен сату	350	175
5 тоннаға дейін контейнерлерден сату	430	309
5 тоннадан жоғары контейнерлерден сату	430	350
Машинадан сату		
Жеңіл машина	150	130
Жүк машина	320	285
4. Автомобильды		
Бөлшектерді сату	260	130
5. Мал шаруашылық материалдары		
Жемшқп материалдары	350	260
Ірі қара мал және жылқы сату	260	233
Басқа жануарларды сату	250	233
Құстарды сату	207	104
Басқа да үй жануарларын, құстарды, аңдарды сату	130	78
6. Құрылыс материалдары		

Құрылыс материалдарын сату	350	260
7. Тұрмыстық тауарлар		
Тұрмыстық тауарларды сату	350	260

Аудандық мәслихат сессиясының  
2009 жылғы 5 тамыздағы  
№ 4 - 18 - 2 шешіміне  
3-қосымша

**Айыртау ауданы аумағында қызметін жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін айына салық салу бірлігіне бірінғай тіркелген салық ставкалары**

Рет №	Салық салу объектісінің атауы	Бірінғай тіркелген салық ставкасы (айлық есеп көрсеткішінде)
1	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы	Қызмет түрі жүзеге аспаған
2	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	Қызмет түрі жүзеге аспаған
3	Ойын өткізу үшін пайдаланатын дербес компьютер	Қызмет түрі жүзеге аспаған
4	Ойын жолы	Қызмет түрі жүзеге аспаған
5	Карт	Қызмет түрі жүзеге аспаған
6	Бильярд үстелі	3